Ақтөбе қаласы
әкімі аппаратының
қаржы-шаруашылық
бөлімінің басшысы
Г.Байқатоваға

Қызметтік жазба

Ақтөбе облысы әкімі аппараты басшысының 2026 жылғы 21 қаңтардағы хатына сәйкес, Ақтөбе қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне «Жобалық Менеджмент» бойынша оқу жоспар-кестесі бекітілді. Жобалық басқару негізінде оқыту жұмыстары ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының филиалында өткізіледі.

Осыған орай, «Жобалық Менеджмент» бойынша бекітілген жоспар – кестесіне сәйкес оқытылатын мемлекеттік қызметшілерге қаражат мәселесін қарауыңызды сұраймын. Оқу мерзімі бір апта (40 сағат) оқуға төленетін қаржы **бір мемлекеттік қызметшіге - 80200,0 теңге сертификаттау емтихандарын ұйымдастыру және өткізу қызметі бойынша – 65720,0 теңге** болып бекітілген.

Қала әкімі аппаратының персоналды
басқарудың бірыңғай қызметі
(кадр қызметі) басшысы **С.Баекенова**

Орындаушы:
К. Булебаева
тел. 41-63-54
k.bulebaeva@aktobe.gov.kz

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
БАСШЫСЫ

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел.: 8 (7132) 56-43-46, факс: 8 (7132) 56-47-58

РУКОВОДИТЕЛЬ
АППАРАТА АКИМА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030010, город Актобе, пр-т Абилкайыр хана, 40
тел.: 8 (7132) 56-43-46, факс: 8 (7132) 56-47-58

21.01.2026ж. № 06-03/451

Ақтөбе қаласы және аудан әкімдеріне

«Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі облыс әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалында Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілерді Жобалық менеджмент: ҚР СТ ISO 21502-2022 стандарты бойынша оқыту және сертификаттан өткізу үшін 2026 жылға арналған күнтізбелік жоспарын жұмыс үшін жолдайды.

Осыған орай тиісті қаражатты бөліп, тыңдаушылардың бекітілген жоспарға сәйкес мерзімде Жобалық менеджмент: ҚР СТ ISO 21502-2022 стандарты бойынша оқыту және сертификаттан өткізуге қатысуын қамтамасыз етулеріңіз сұралады.

Ұйымдастыру мәселелеріне қатысты сұрақтар бойынша Академияның Ақтөбе облысы бойынша филиалына хабарласу қажет.

Қосымша: 8 парақта.

Аппарат басшысының м.а. **М.Есенгалиев**

Ақтөбе қаласы әкімі аппараты-Ерланова Д

Орын.: М.Какирова
тел: 8 (7132) 93-20-79
m.kakirova@aktobe.gov.kz